

JUMO AQUIS touch S

Интегралданған реттегіші мен өздігінен жазу құралы бар сұйықтық параметрлерін талдауға арналған модульді көп каналды аспап

Қысқаша сипаттамасы

Өлшеу

JUMO AQUIS touch S аспабы орталықтандырылған кешен ретінде пайдаланылады. Ол рН шамасы, редокс-потенциал, электролиттердің өткізгіштігі мен ерекше таза су кедергісі сияқты параметрлерді, сонымен қатар хлор, жалпы хлор, хлор диоксиді сияқты дезинфекциялаушы заттардың, озон, сутегі тотығы мен сірке қышқылының температурасын, концентрациясы мен шығынын бейнелеуге және өңдеуге арналған. Шығынды өлшеу үшін жиілік кірістері (есептегіштер) бар. Әмбебап құрылымдарына арналған, практикада жиі қолданылатын JUMO реттеу алгоритмдері пайдаланылады.

Реттеу

Дабыл, шектік мән немесе JUMO AQUIS touch S-да уақыт бойынша реттелетін ауыстыру сияқты қарапайым функциялардан басқа, аспапта бір мезетте реттеудің 4 контуры берілуі мүмкін. Бұл кезде П-, Пи-, ПД- және ПИД-реттеу құрылымдарына арналған, практикада жиі қолданылатын JUMO реттеу алгоритмдері пайдаланылады.

Индикация

5,5-дюймдік TFT сенсорлы экраны барлық параметрлерді индикациялау үшін, сондай-ақ аспапты басқару мен бейімдеу үшін арналған. Текстік меню пайдалану бойынша нұсқаулықпен танысу қажеттілігін туындатпайды. Аспап тілі онда алдын-ала орнатылған 15 тілден тұратын тізімнен таңдалады. PC-Setup-Programm көмегімен аспапта жұмыс істеу тілдерінің түрі 30 дейін жетуі мүмкін.

Тіркеу

Мәліметтерді тіркеу үшін аспапқа өздігінен жазу құралы интегралданған. Экранда 8 аналогты өлшем шамалары мен 6 бинарлы сигналға арналған уақыт тәуелділіктері бейнеленуі мүмкін. Сақталған мәліметтер манипуляциядан қорғалған және бақылау органдарының барлық талаптарына сәйкес келеді. Мәліметтер JUMO PCC программасының немесе USB-сақтағышының көмегімен оқылады.

Қолдану мүмкіндіктері

Аспаптың модульдік құрылымы оны көптеген салаларда қолдануға мүмкіндік береді:

- коммуналдық және өндірістік су дайындау
- өндірістік қондырғылар
- ауыз суы мен жүзу бассейндерінің мониторингісі
- фармацевтика
- азық-түлік өнеркәсібі мен сусын өндірісі (CIP-/SIP)
- скруббер және ауа тазалағыш
- градирняларды басқару
- ионалмастырушы құрылғылар
- кері осмос құрылғылары
- күштік станция қондырғылары
- балық шаруашылығы
- тұщыландырығыш қондырғы




JUMO AQUIS touch S
202581/...типi

Ерекшеліктері


- Электрохимиялық сенсорларды тура жалғау үшін арналған кез-келген комбинациядағы 4 талдамалы кіріс
- Тура немесе интерфейс арқылы берілетін 15 өлшеу сигналы
- Шығын өлшеуге арналған 2 импульс есептегіш (макс. 300 Hz немесе 10 kHz)
- Реттегіш шығысы ретінде бейімделетін 17 ауыстырып-қосу шығысы, дабыл сигналдары мен ауыстырып-қосу шығыстары
- Интерфейстер: USB-Host, USB-Device, Modbus, PROFIBUS-DP және Ethernet
- Ethernet функциялары: Web-сервер, E-Mail арқылы апаттық сигнал беру, PC арқылы Setup, сақталған мәліметтерді оқу
- Математика және логика функциялары
- Кіріктірілген таймер, тазалау таймерімен калибрлеу таймері
- Жұмыс (қызмет) уақытын есептегіш
- Процесс мәліметтерін манипуляциядан қорғай отырып сақтау
- TFT-графикалық дисплейі, диагоналі 5,5", 320 x 240 пиксель, QVGA және 256 түс бар
- Сенсорлы экран көмегімен бейімдеу
- Конфигурацияланатын тұтынушы құрылғылары
- Еркін бейімделетін басқару схемалары
- PC-Setup-Programm
- Табиғи сулардың өткізгіштігін және TDS-өлшеу
- CIP-/SIP-арналған ауыстырылатын өлшем шегі
- Фармацевтика өнеркәсібінің жарлықтарын орындау USP <645>
- DIN IEC 61554 сәйкес автоматика шкафында монтаждауға арналған қорап (шаңнан қорғаным IP20)



Блок-сызбасы




Аспап құрылымы



- | | |
|---|---|
| (1) TFT-сенсорлы экраны | (5) Қосымша сөрелер |
| (2) Қорап (жалғауға арналған бөлігі ашық) | (6) USB-интерфейс (USB-Device-интерфейс және USB-Host-интерфейс) |
| (3) Желілік платаның түйіспе клеммалары | (7) USB-Host-интерфейс орны IP67 (опция, 44-беттегі “Тапсырыс кестесін” қараңыз, қосымша код 269) |
| (4) Базалық блоктың түйіспе клеммалары | (8) Кабель кіретін орын |

Индикация және басқару элементтері




- | |
|--|
| (1) Сенсорлы экран |
| (2) Бейімдеуге арналған экрандағы тетіктері бар таңба қатары |
| (3) Келесілері бар “Аспап менюі” тетігі: <ul style="list-style-type: none"> • күн реті мен уақыт индикациясы • тіркелген тұтынушысы (суретте: “Мастер”) • тіркеу функциясына арналған % берілетін бос жад индикаторы (суретте: 100 %) |
| (4) “Дабыл-/оқиғалар тізімі” экран тетігі |
| (5) “Оператор дисплейін таңдау” экран тетігі |
| (6) “Бастапқы бет” экран тетігі (негізгі түрге оралу) |
| (7) Контекстілі экран тетіктеріне арналған орын (ағымдық басқару терезісіне байланысты) |
| (8) “Келесі терезе” экран тетігі |



Сипаттамасы

Басқару

JUMO AQUIS touch S аспабын басқару сенсорлы экран көмегімен іске асырылады. 16 басқару схемасында өлшенетін шамалардың индикациясы мен бейнеленуі, жұмыс күйі және жеке алынған функцияларға арналған диаграммалар орындалады. Аспап функцияларын экрандағы тетіктердің және сәйкес дисплей операторларының көмегімен басқаруға болады. Ағымдық дисплей операторын экрандағы сәйкес келетін навигациялық тетік арқылы таңдаймыз. Дисплей операторы шеңбер бойымен орналасқандықтан, қажетті операторды “Келесі дисплей операторы” тетігін бірнеше рет басу арқылы, не болмаса “Дисплей операторын таңдау” тетігінің көмегімен таңдауға болады. Параметрлеу мен конфигурациялау үшін “Аспап меню” тетігін басады. Ағымдық дабыл сигналдары мен оқиғалар протоколын көруге арналған меню “Апат және оқиға тізімі” тетігін басқаннан кейін ашылады.



Тұтынушы құқығы

Бейімдеу мен басқарудың көрсетілген мүмкіндіктері тіркелген тұтынушы құқығына байланысты болады. Аспапта 4 тұтынушы тіркелуі мүмкін:

- Мастер: конфигурация толықтай рұқсат етіледі
- Сервис: тіркелген сервис қызметкеріне арналған рұқсаттама
- 1-тұтынушы/2-тұтынушы: шектеулі құқық


PC-Setup-Programm көмегімен тұтынушы құқықтарын, аттарын және құпия сөздерді енгізуге, редактрлеуге болады.

Оператор шеңбері/дисплей операторы

Бастапқы орындалым бойынша аспаптағы оператор шеңбері 2 шолу және 6 жеке схемадан тұрады. Басқа дисплей операторлары реттегіштерді және тіркеу топтарын бейімдеу кезінде туындайды, бұл кезде реттегіш схемалары мен диаграммалар оператор шеңберінде қол жетімді болады. Жеке оператор дисплейлерін редактрлеуге болады, ол таңдалған мәндерді, бинарлы сигналдар мен жазуларды бейнелеу үшін қажет.

Шолу схемалары


Шолу схемалары өлшенетін шамалардың және бинарлы сигнал күйінің жалпы көрінісі болып табылады. Аналогты өлшем шамалары үшін экран 2 немесе 4 бөлікке бөлінуі мүмкін. Бөліктер негізгі және қосымша шамалары бар 2 немесе 4 қатарды индикациялау үшін қажет. Сонымен қатар, әрбір шолу схемасында 1 қосымша мән және 3 бинарлы сигнал бейнеленуі мүмкін. Терезелер мен индикация қатарының аттарын өзгертуге болады. Кіріс сигналдары индикация жолында еркін орналаса алады. 4 қатарлы шолу схемасы 9 аналогты және 3 бинарлы сигналды бейнелей алады.



Жеке схемалар

Жеке схемалар кез-келген негізгі шама мен қосымша шама мәндерінің үлкейтілген көрінісі түрінде болады. Сонымен қатар, қосымша шама мәні мен 3 бинарлы сигнал бейнеленуі мүмкін. Негізгі мәнің бағана

диаграмма көмегімен бейнеленуі де жеке схемада орындалады. Диаграммдағы белгілер сәйкес өлшем кірісінің дабыл функциясының берілген шектік мәндерін нұсқайды.




Мәліметтер монитормы

Бұл функция стандартты орындалымда болады. Мәліметтер монитормы өлшенген мәндерді өздігінен жазу құралының уақыт белгілері бар диаграммасы түрінде бейнелейді. Аспапта 2 мәліметтер тобы бар. Әрбір активтендірілген мәліметтер тобы үшін оператор шеңберінде диаграмма бейнеленеді, бұл сәйкес топ конфигурацияланған кейін бірден орындалады. Топта 4 аналогты канал және 3 бинарлы канал бейнеленуі мүмкін. Өлшенген мәндер шеңбер жадында сақталады. Жад толып бастаған кезде, мәліметтерді сақтауды жалғастыру үшін ең алдымен ескі мәліметтер қайта жазыла бастайды.

Тіркеу функциясы


Бұл функция классикалық мәліметтер тіркегішіне сәйкес келеді, және типтік қосымша болып табылады. Ол келесі қосымша мүмкіндіктер арқылы мәліметтер монитормы функциясының толықтырылған түрі болып саналады:

- архивті бейнелеу (диаграммаларды өткізу)
- USB-сақтағыш немесе JUMO PCC программа көмегімен мәліметтерді жазу. Өлшенген мәліметтер JUMO PCC программасының немесе USB-сақтағышының көмегімен өткізіледі, JUMO PCA3000 программасы арқылы бейнеленуі, өңделуі және архивке сақталуы мүмкін.




Процесс схемасы

PC-Setup-Programm көмегімен процесстің тұтынуына арналған шолу схемасын жасауға болады. Дайын болған процесс схемасы PC-Setup-Programm көмегімен JUMO AQUIS touch S аспабына беріліп, оператор шеңберінің құрамдас бөлігіне айналады. Процесс схемасында 50 объекті (сурет, цифрлі көрсетілімдер, гистограмма, тексттер, және т.б.) қолданылуы мүмкін. Процесс схемасының мысалы:



Тұтынушы деңгейі

Белгілі бір параметрлер мен бейімделер тобы жинақталған меню тұтынушы деңгейі деп аталады. Тұтынушы жұмысына қажетті 25 бейімдемеден тұратын менюді PC-Setup-Programm көмегімен таңдауға болады. Анықталып таңдалған параметрлер мен бейімдемелер тұтынушы деңгейіне шығарылады.




Функция деңгейі

“Функция деңгейі” менюінде ішкі функцияларды бейімдеу және олардың күйін бейнелеу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, бұл жерде, мысалы, есептегіштерді тазартуға, жуу процессін қолмен іске қосуға болады.

PC-Setup-Programm

PC-Setup-Programm көмегімен JUMO AQUIS touch S аспабы оңай конфигурацияланады. Программа арқылы мәліметтер жинағын жасауға, редактрлеуге, аспапқа жазуға және есептеуге болады. Мәліметтерді сақтау және басып шығару мүмкіндігі бар.



Талдамалы кірістер

Талдамалы кіріске арналған 2 қосымша сөрени pH-шамасын, редокс-потенциалды, NH₃ және электролитті өткізгіштікті (кондуктивті/ индуктивті) өлшеу үшін арналған қосымша платалармен жабдықтауға болады. Өткізгіштікті өлшеу функциясын TDS және ерекше таза су жағдайында да қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, температура, pH шамасы сияқты әсер етуші факторларды теңгеруді бейімдеу мүмкіндігі бар. Осылайша, JUMO AQUIS touch S аспабы процесстің барлық электрохимиялық шамаларына арналған орталықтандырылған бақылап-өлшеу пункті болады. Аспапқа жалғанатын көптеген сенсорлар мен электродтар бір аспапта процесске қатысты барлық шамаларды өлшеуге мүмкіндік береді. Мұндай шамаларға электрохимиялық шамалардан басқа, температура, шығын сияқты физикалық шамалар мен жиілік-импульсті немесе қалыпты сигнал бойынша берілетін кез келген шама жатқызылады. Дабыл функциясы өлшенетін шаманың рұқсат етілген шектен асып кету мүмкіндігіне мониторинг жасайды. Шек мәндерін тұтынушы анықтайды.

Аналогты кірістер

Стандартты аналогты кірістер (Pt100, Pt1000, кедергілі потенциалметр және т.б.) мен базалық блоктың әмбебап кірісінен (0(4) ... 20 mA) басқа аспапты қосымша платалардың көмегімен аналогты кірістермен жабдықтауға болады. Қосымша аналогты кірістер кедергілі термометрлерді, кедергілі потенциалметрді мен қалыпты ток немесе кернеу сигналын жалғау үшін бейімделеді. Осылайша, JUMO AQUIS touch S көптеген шамаларды өлшеуге арналған әмбебап аспап болып табылады. Тұтынушы өлшем шамаларының рұқсат етілген шектен ауытқуына байланысты әртүрлі дабыл функцияларын бейімдей алады.

Тұтынушы мәліметтері бойынша сызықтандыру

Аспап өндірісі кезінде енгізілген сенсорлардың қалыпты сипаттамаларына қосымша тұтынушы мәліметтері бойынша сызықтандыруды енгізуге болады.

Оның көмегімен сенсорлардың кез-келген сызықтандыруын жүргізуге болады. Программалау PC-Setup-Programm көмегімен 40 жұп мәнді енгізу немесе 4-дәрежелі полинаманы анықтау арқылы орындалады.

Бинарлы кіріс

3 сериялық және 6 қосымша бинарлы кіріс (потенциалсыз түйіспелер мен логикалық сигналдар) көмегімен әртүрлі ішкі функцияларды активтендіруге болады болады. Мысалы, параметрлер жинағын ауыстыру немесе өздігінен жазу құралын іске қосу. IN 2 және IN 3 жиілік импульсін өлшеуге мүмкіндік береді, мысалы, күнқарағы бар сенсор көмегімен шығынды өлшеу немесе сораптың айналым санының мониторингін жасау. Конфигурацияланған өлшеу принципіне байланысты екі өлшем шегі бар:

- 3 ... 300 Hz (импульс периодын өлшеу)
- 300 Hz ... 10 kHz (импульс есептегіш)

Сыртқы кірістер

Интерфейс көмегімен аспапқа 8 сыртқы аналогты кіріс және 8 сыртқы бинарлы кіріс синалын енгізуге болады.

Аналогты шығыстар

Аналогты шығыстарды конфигурациялауға болады (ток және кернеу). Олар арқылы реттегіш, орнатпа, математикалық есептеу нәтижелерін, аналогты кіріс сигналдарының (мысалы, нақты мән) шығыстарын беруге болады. Олар реттегіш шығыстары ретінде де бейімделуі мүмкін.

Сериялы жасалған аспаптың ба-зальық блогында екі аналогты шығыс бар. Қосымша платалар 7 аналогты шығыс орнатуға мүмкіндік береді.

Бинарлы шығыстар

Бинарлы шығыстар бұл ауыстырылушы және логикалық шығыстар болып табылады.

Бинарлы шығыстардың көмегімен дабыл сигналы, шектік мән түйіспелері, логикалық операция нәтижелері мен реттеу сигналдары беріледі.

Сериялық жасалған аспапта 3 бинарлы шығыс болады (OUT 1 ... 3 реле). Қосымша платалардың көмегімен максимум 17 бинарлы шығыс орнатуға болады.

Қосымша плата ретінде келесілер қолданылады:


- 1-тұйықтағыш реле шығысы
- 2-қалыпты ашылған реле шығысы
- 1-жартылай өткізгішті Triac релесінің шығысы
- 2-жартылай өткізгішті PhotoMOS® релесінің шығысы.




Шектік мән мониторингісі

Аспапқа өлшеу кірістерінің дабыл функциясына қосымша 4 таңдамалы ауыстыру-функциясы бар (мин. дабыл, макс. дабыл, дабыл терезесі, инверттелген дабыл терезесі) 8 шектік мән мониторингісі орнатылған. Шектік мән нақты орнатылуы мүмкін. Осы функцияның көмегімен кез-келген аналогты мөндердің мониторингін жүргізе аламыз. Шектік мәннен ауытқыған жағдайда дабыл активтендірілуі, оқиғалар тізіміне жазылуы немесе ауысу функциясы орындалуы мүмкін. Төменде диаграммаларда шектік мән функциялар көрсетілген.


Мин. дабыл




Макс. дабыл



Дабыл терезесі



Инверттелген дабыл терезесі




Реттегіш

Аспапта бір мезгілде 4 ПИД-реттегіш жұмыс істеуі мүмкін. Әрбір аналогты кіріс сигналы (таңдамалы шама, температура, қалыпты сигнал және т.б.) реттегіш каналына берілуі мүмкін. Ықпал ету әсерін, параметрлер жинағының ауысуын және жоғары/төмен дәлдікпен реттеу функциясы арқылы тұрақты реттеу нәтижесіне қол жеткізуге болады. Реттегіш шығыстары үздіксіз шығыс (шығыс сигналының деңгейі қалыпты сигнал сияқты), ендік-импульстік шығыс (шығыс сигналының деңгейі импульстік сигнал сияқты) немесе жиілікті-импульстік шығыс (шығыс сигналының деңгейі импульс жиілігі

сияқты) ретінде бейімделуі мүмкін.

Ендік-импульстік шығыс




Жиілікті-импульстік шығыс




Реттегіштердің жеке схемасы

Бұл жерде реттегіш функциясының түбегейлі бейнеленуі көрсетіледі. Нақты мән, орнатпа және шығыс сигналының деңгейі сияқты мәліметтер бейнеленеді. Бұл терезеде реттегішті бейімдеуге болады (шығыс сигналының қол деңгейі, орнатпаны енгізу).



Реттегіштің шолу схемасы

Егер 2 реттегіш қана бейімделген болса, оператор шеңберінде реттегіштердің маңызды параметрлері келтірілген шолу схемасы пайда болады.



Реттегіш параметрлері

4 реттеу каналының әрбірі үшін 2 параметрлер жинағы енгізілуі мүмкін. Әрбір параметрлер жинағы реттегішті процессталаптарына сай бейімдеуге арналған 25 параметрден тұрады. Әрбір реттегіш про-

цесс шартының өзгеруіне байланысты дұрыс бейімделу мақсатында бір параметрлер жинағынан екіншісіне ауыстырылып отырады. параметрлер жинағының ауысуы әрбір реттеу каналы үшін қол жетімді.

Өзіндік тиімділендіру

Өзіндік тиімділендіру функциясы реттеу теориясы бойынша арнайы білімі жоқ тұтынушыға реттеу контурындағы реттегішті бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл кезде басқарушы әсердің өзгерісіне реттеу контуры жауабының бағалануы жүреді. JUMO AQUIS touch S аспабында өзіндік тиімділендіру функциясын іске асыру үшін сатылы ықпал ету реакциясының әдісі қолданылады.

Математика және логика функциясы

Математика және логика модульдары аналогты каналдарды бір-бірімен, сондай-ақ бинарлы кірістермен қоса байланыстыруға мүмкіндік береді. Формулалар редакторында әртүрлі операторлар қарастырылған. JUMO PC-Setup-Programm көмегімен негізгі арифметикалық операцияларды жасайтын, мысалы түбір астынан шығару, дәреже функциялары, тригонометриялық функциялар және т.б. сияқты формаларды жасауға болады. Логикалық модуль үшін AND, OR, NOT, XOR операторлары меншекараны анықтаушы бар. Математика және логика модульдері PC-Setup-Programm көмегімен конфигурацияланады. Бұл функция аспап опциясы болып табылады.

Шығын

Аспапта екі шығын өлшеу функциясын бейімдеуге болады. Жиілікті сигналдардың негізінде IN 2 немесе IN 3 не болмаса аналогты кіріс сигналдарында шығынды өлшеуге болады. Өлшенген шығынды "жалпы шама" функциясы арқылы интегралдай аламыз. Осылайша, берілген уақыт аралығында өлшем нүктесі арқылы өткен сұйықтық көлемі есептеледі.

Есептегіштер

4 есептегіш қосылу мен дабыл, бинарлы кіріс, тазалау таймері және т.б. дискретті функциялардың жұмыс уақытын есептеу үшін қолданылады. Бұл функция, ең алдымен қызметтер арасындағы интервалдардың мониторингісі үшін арналған.



Таймер

Аспапта 2 таймер функциясы бар. олар таймер немесе уақыт бойынша бәсеңдеткішті өшіргіш ретінде бейімделуі мүмкін.

Таймер ретінде жұмыс істеген кезде уақыт релесін аламыз. Таймерді іске қосу, тазарту немесе тоқтатуды басқару бинарлы сигналдардың көмегімен іске асырылады. Сонымен қатар, таймер тоқтатылуы мүмкін, немесе рұқсаттама шегінің функциясы бойынша іске қосылуын кідіртуге болады. Рұқсаттама шегі өлшенген мәннің берілген тірек мәндерінен ауытқуын көрсетеді. Бейімделген ауытқу шегінен асқан кезде таймер жұмысы тоқтатылады.

Таймер сигналының уақытша жүрісі “Таймер уақыты”, “Таймердың алдын-алу уақыты”, “Таймер уақытың бітуі” сияқты бейімдемелермен анықталады. Осылайша, уақыт релесі, жауапты кідірту немесе өшіруді кідірту сияқты стандартты функциялар туындайды.

Уақыт релесінің функциясы апталық таймерге сәйкес келеді. Өрбір апта күні үшін 4 қосу/өшіру уақытын орнатуға болады.

Тазарту таймері

Электродтарды тұрақты түрде тазартып тұру үшін екі тазарту таймер жұмыс істейді. Белгілі бір уақыт интервалы өткеннен кейін нақты бір функциялар активтендіріледі. Мысалы, тазарту таймерлері тазарту процессін іске қосу үшін бинарлы шығыстарды басқара алады. Сенсорларды периодты түрде тазартып тұрудың нәтижесінде, өлшеу сенімділігі артуы қажет.

Калибрлеу таймері

Калибрлеу таймері функциясы тұтынушыға тұрақты түрде сенсорлардың кезекті калибрлеу уақыты келгендігі жөнінде хабар береді. Сәйкес дабыл сигналдарының және оқиғалар тізіміндегі жазбалардың жеке бейімдемесін жасауға болады.

Калибрлеу журналы

IN 6 ... IN 12 аналогты кірістерге арналған калибрлеу журналы болады. Онда мерзімі, уақыты және көптеген басқа да параметрлер көрсетілетін барлық сәтті түрде аяқталған калибрлеу процесстері тіркеледі. Осылайша, қалаған уақытта, талдамалы сенсорлардан калибрлеу нәтижесін көруге болады.

Дабыл және оқиғалар тізімі

Дабыл тізімі ағымды қателіктер туралы хабар береді. Апатты жағдайлар туралы хабарламалар қатарында калибрлеу жайлы дабыл немесе кіріс сигналдарымен шақырылған дабылдар болуы мүмкін. Қателік жойылғаннан кейін дабыл автоматты түрде тоқтайды.

Оқиғалар тізімі апаттың пайда болуы және оны жою, қоректендіру көрнеуінің төмен түсуі, калибрлеу және т.б. сияқты оқиғаларды сақтайды және протоколдайды. JUMO AQUIS touch S функцияларында оқиғалар тізіміндегі жазбаларды бейімдеуге болады.

USB-интерфейсі

USB-интерфейстің екі түрі болады: USB-Hos және USB-device. USB-Host интерфейсіне USB-сақтағышын қосуға болады. Бұл өлшенген мәндерді, конфигурация және сервистік мәліметтерді сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, конфигурацияны флэш-картадан аспапқа өткізуге және аспаптың ПҚ жаңартуға болады. USB-device интерфейсі аспапты PC-Setup-Programm көмегімен бейімдеуге және JUMO PCC-программасы мен стандартты USB-кабель көмегімен тіркелген мәліметтерді (егер тікреу функциясы активтендірілген болса) оқуға болады. Екі интерфейс те базалық плата клеммасында орналасқан. USB-Host интерфейсіне қосымша ұзартқыш берілуі мүмкін (тапсырыс жасау кестесін қараңыз). Ол аспап қорабындағы кабель кірістерінің қасына бекіткіш арқылы бекітіледі. Бұл интерфейс ті қорапты ашпай ақ пайдалануға мүмкіндік береді.

RS422/485 интерфейсі

JUMO AQUIS touch Аспабында Modbus-RTU (Slave) протоколы бар бір тізбекті RS485 интерфейсі бар. Аспаптағы екінші интерфейс сәйкес қосымша плата орнатылғаннан кейін қойылады. Тізбекті интерфейс аспапты автоматтандыру желісіне қосу үшін қолданылды. Осылайша, JUMO AQUIS touch S аспабы SCADA-жүйесімен немесе Modbus-мастердің басқа аспаптарымен ақпарат алмасады.

Цифрлі датчиктер

Тізбекті сөрелердің біріне (базалық немесе опциялық платалар) „JUMO digiLine активтендірілген протоколы“ жалғануы мүмкін. Қосымша код (тапсырыс жасау кестесін қараңыз) JUMO digiLine шиналар жүйесіндегі цифрлі датчиктер үшін қолданылады. JUMO digiLine протоколы JUMO digiLine электроника, сонымен қатар 2026xx JUMO аспаптар тобының цифрлі датчиктерін қолдайды.

PROFIBUS-DP-интерфейсі

PROFIBUS-DP-интерфейсінің көмегімен (опция) JUMO AQUIS touch P аспабы iPROFIBUS-DP-стандартына сәйкес желіде жұмыс істей алады. Жинақтама құрамында аспаппен бірге тасымалданатын жобалау құралының көмегімен (GSD-генератор) арнайы GSD-файл жасалады. Ол арқылы JUMO AQUIS touch S желіге интеграланады

Ethernet-интерфейсі

Ethernet-интерфейсінің (опция) көмегімен JUMO AQUIS touch S аспабы LAN жалғанады. Бұл аспапты көрсетілген LAN ДК-мен байланыстыруға мүмкіндік береді. Осы компьютерлер көмегімен JUMOProgrammen PC-Setup-Programm және PCC-программасы арқылы аспап жүйесіне рұқсаттама алуға болады. Сонымен қатар, Ethernet-интерфейсі Web-сервер, E-Mail және Modbus TCP/IP сияқты функцияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

E-Mail/SMS

JUMO AQUIS touch S аспабын қандай да бір жағдай туындаған жағдайда E-Mail-арқылы хабарлама жіберетіндей етіп бейімдеуге болады. Бұл қызметкерлерге туындаған апаттық жағдайлар туралы хабар таратқыш (сондай-ақ, E-Mail-SMS-Gateway мобильді байланыс операторына SMS хабарлама жолдау үшін) ретінде қызмет етеді.

JUMO GmbH & Co. KG

Hausadresse: Moritz-Juchheim-Straße 1, 36039 Fulda, Germany
Мекен-жайы: Гоголь к-сі 86, 724 Кеңсе, Алматы қаласы
Postadresse: 36035 Fulda, Germany


Telefon: +49 661 6003-714
Telefax: +49 661 6003-605
E-Mail: info@jumo.kz
Internet: www.jumo.net



202581 тип сипаттамасы 8/47 бет

Web-сервер (онлайн-бейнелеу)

PC-Setup-Programm көмегімен JUMO AQUIS touch S аспабына қарапайым HTML-редактерлерде жасалатын HTML-құжаттарын енгізуге болады. Бұл құжат-тарда тексттер, графиктер және Java-Script-кодтары болуы мүмкін. JUMO AQUIS touch S аналогты және бинарлы шама мәндері JavaScript арқылы бейнеленуі мүмкін. Осылайша, интернет немесе LAN бойынша стандартты веб-браузердің көмегімен ДК-ге кіруге болатын веб-сайт жасалады. Тұтынушы осы веб-сайттан орнатудың немесе өлшенетін мәндері және күйі бар процесстердің шолу схемаларын көре алады. Ас-паптағы стандартты бейімдеме бойынша онлайн бейнелеу орнатылған. Онлайн бейнелеу үшін ДК-де Microsoft® Windows® және Silverlight® операциялық жүйелері орнатылған болуы қажет.



Техникалық сипаттамалары

Аналогты кірістер Базалық блок

Температураны өлшеуге арналған кіріс (IN 4)

Серсор/сигнал типі	Жалғау тәсілі	Өлшем шегі	Өлшем дәлдігі	Қоршаған орта температурсының әсері
Pt100 DIN EN 60751	2-тарамды/3-тарамды	-200 ... +850 °C	ӨШ-нен ^a ≤ 0,05 %	≤ 50 ppm/K
Pt1000 DIN EN 60751	2-тарамды/3-тарамды	-200 ... +850 °C	ӨШ-нен ^a ≤ 0,1 %	≤ 50 ppm/K
Тұтынушы сипаттамасы бар кедергілі термометр ^b 400 Ω дейін 4000 Ω дейін	2-тарамды/3-тарамды 2-тарамды/3-тарамды	0 ... 400 Ω 0 ... 4000 Ω	R _{max} -тан ^c ≤ 0,1 %	≤ 100 ppm/K
Жалғау сымдарының кедергісі	3-тарамды жалғау кезінде макс. 30 Ω			
Жалғау сымдарының кедергісін теңгеру	3-тарамды жалғау кезінде қажет етілмейді. 2-тарамды жалғау кезінде сәйкес кірістің теңгеруі „Offset“ орнатпасының көмегімен өлшенген мәнді түзету арқылы орындалуы мүмкін.			

^a ӨШ: өлшем шегі

^b Тұтынушы мәліметтері бойынша сызықтандыру арқылы серсор сипаттамасын орнатуға болады.

^c R_{max}: өлшем шегіндегі кедергінің макс. мәні (400 Ω немесе 4000 Ω)

Температураны өлшеуге арналған кіріс (IN 5)

Серсор/сигнал типі	Жалғау тәсілі	Өлшем шегі	Өлшем дәлдігі	Қоршаған орта температурсының әсері
Pt100 DIN EN 60751	2-тарамды/3-тарамды	-200 ... +850 °C	ӨШ-нен ^a ≤ 0,05 %	≤ 50 ppm/K
Pt1000 DIN EN 60751	2-тарамды/3-тарамды	-200 ... +850 °C	ӨШ-нен ^a ≤ 0,1 %	≤ 50 ppm/K
Кедергілі потенциометр/ WFG	3-тарамды [©]	0 ... 100 kΩ	R _{Ges} -тан ^b 0,5 %	≤ 100 ppm/K
Тұтынушы сипаттамасы бар кедергілі термометр ^c 400 Ω дейін 4000 Ω дейін 100 kΩ дейін	2-тарамды/3-тарамды 2-тарамды/3-тарамды 2-тарамды/3-тарамды	0 ... 400 Ω 0 ... 4000 Ω 0 ... 100 kΩ	R _{max} -тан ^d ≤ 0,1 %	≤ 100 ppm/K
NTC 8k55	2-тарамды/3-тарамды	0 ... 150 °C	R _{max} -тан ^d ≤ 0,1 %	≤ 100 ppm/K
NTC 22k	2-тарамды/3-тарамды	0 ... 150 °C		
Жалғау сымдарының кедергісі	3-тарамды жалғау кезінде макс. 30 Ω			
Жалғау сымдарының кедергісін теңгеру	3-тарамды жалғау кезінде қажет етілмейді. 2-тарамды жалғау кезінде сәйкес кірістің теңгеруі „Offset“ орнатпасының көмегімен өлшенген мәнді түзету арқылы орындалуы мүмкін.			

^a ӨШ: өлшем шегі

^b R_{Ges}: кедергілі потенциометрдің жалпы кедергісі/WFG

^c Тұтынушы мәліметтері бойынша сызықтандыру арқылы серсор сипаттамасын орнатуға болады.

^d R_{max}: өлшем шегіндегі кедергінің макс. мәні (400 Ω немесе 4000 Ω)

Әмбебаб кіріс (IN 6)

Сигнал типі	Өлшем шегі	Өлшем дәлдігі	Қоршаған орта температурсының әсері
Ток сигналы	0(4) ... 20 mA	ӨШ-нен ^a ≤ 0,1 %	100 ppm/K

^a ӨШ: өлшем шегі

Өлшем тізбегінің мониторингісі

Кірістер	Өлшем шегінен ауытқып кету
Температуралық кіріс	иә
Әмбебаб кіріс (ток сигналы)	иә



Аналогты кірістер Қосымша плата

Өмбебаб кіріс (IN 11, IN 12)

Серсор/сигнал типі	Жалғау тәсілі	Өлшем шегі	Өлшем дәлдігі	Қоршаған орта температурсының әсері
Pt100 DIN EN 60751	2-тарамды/3-тарамды	-200 ... +850 °C	ӨШ-нен ^a ≤ 0,05 %	≤ 50 ppm/K
Pt1000 DIN EN 60751	2-тарамды/3-тарамды	-200 ... +850 °C	ӨШ-нен ^a ≤ 0,1 %	≤ 50 ppm/K
Кедергілі потенциометр/ WFG	3-тарамды	100 ... 4000 Ω	R _{Ges} -тан ^b 0,5 %	≤ 100 ppm/K
Тұтынушы сипаттамасы бар кедергілі термометр ^c 400 Ω дейін 4000 Ω дейін	2-тарамды/3-тарамды 2-тарамды/3-тарамды	0 ... 400 Ω 0 ... 4000 Ω	R _{max} -тан ^d ≤ 0,1 %	≤ 100 ppm/K
Кернеу сигналы	-	0 ... 10 V	ӨШ-нен ^a ≤ 0,2 %	100 ppm/K
Ток сигналы	-	0(4) ... 20 mA	ӨШ-нен ^a ≤ 0,1 %	100 ppm/K
Жалғау сымдарының кедергісі ^e	3-тарамды жалғау кезінде макс. 30 Ω			
Жалғау сымдарының кедергісін теңгеру ^e	3-тарамды жалғау кезінде қажет етілмейді. 2-тарамды жалғау кезінде сәйкес кірістің теңгеруі „Offset“ орнатпасының көмегімен өлшенген мәнді түзету арқылы орындалуы мүмкін.			

^a ӨШ: өлшем шегі

^b R_{Ges}: кедергілі потенциометрдің жалпы кедергісі/WFG

^c Тұтынушы мәліметтері бойынша сызықтандыру арқылы серсор сипаттамасын орнатуға болады.

^d R_{max}: өлшем шегіндегі кедергінің макс. мәні (400 Ω немесе 4000 Ω)

^e Қалыпты сигналдарға арналмаған

Талдамалы кіріс: рН/редокс/NH₃

Өлшенетін шама	Өлшем шегі	Температуралық теңгеру	Өлшем дәлдігі	Қоршаған орта температурсының әсері
рН-шамасы (стандартты электрод)	-2 ... 16 рН	-10 ... +150 °C	ӨШ-нен ^a ≤ 0,3 %	0,2 %/10 К
рН-шамасы (ISFET-электрод)	-2 ... 16 рН	электрод көмегімен ^b		
Редокс-потенциал	-1500 ... +1500 mV	жоқ		
NH ₃ (аммиак)	0 ... 20000 ppm	-10 ... +150 °C		

^a ӨШ: өлшем шегі

^b ISFET-электродтары температура бойынша теңгерілген рН-шамасын береді

Талдамалы кіріс: CR (кондуктивті өткізгіштік)

Өлшем бірлігі	Индикация шегі ^a	Температуралық теңгеру	Ұяшық тұрақтысы	Өлшем шегін ауыстыру ^b	Өлшем дәлдігі	Қоршаған орта температурсының әсері
мкСм/см мСм/см кΩ x см MΩ x см	0,0000 ... 9,9999 00,000 ... 99,999 000,00 ... 999,99 0000,0 ... 9999,9 00000 ... 99999	ТК сызықтық, табиғи сулар DIN EN 27888, өлшем шегі үлкен болатын табиғи сулар, TDS ^c , бейтарап (NaCl), қышқыл (HCl) және сілтілік (NaOH) ластануға арналған ASTM D-1125-95	0,01 ... 10 cm ⁻¹	4 конфигурацияланатын өлшем шегі	ӨШ-нен ^d ≤ 0,6 % + 0,3 мкСм x ұяшық тұрақтысы (К)	0,2 %/10 К

^a Индикация шегі масштабалады. Үтір форматы еркін таңдалады. Автоматты үтір форматын таңдауға болады.

^b Конфигурацияда индикация шегі, өлшем бірлігі, температуралық теңгеру әдісі мен дабыл функциясы әртүрлі болатын 4 түрлі өлшем шегін бейімдеуге болады. Ағымдық өлшем шегін таңдау бинарлы сигнал көмегімен іске асырылады.

^c TDS (Total Dissolved Solids)

^d ӨШ: өлшем шегі



Талдамалы кіріс: Сі (индуктивті өткізгіштік)

Өлшем бірлігі	Индикация шегі ^a	Температуралық теңгеру	Ұяшық тұрақтысы	Өлшем шегін ауыстыру ^b	Өлшем дәлдігі	Қоршаған орта температ. әсері
мкСм/см мСм/см	0,0000 ... 9,9999 00,000 ... 99,999 000,00 ... 999,99 0000,0 ... 9999,9 00000 ... 99999	ТК сызықтық, ^c ТК-қисық сызық, табиғи су, температура шегі үлкен болатын табиғи су NaOH 0 ... 12 %, NaOH 25 ... 50 %, HNO ₃ 0 ... 25 %, HNO ₃ 36 ... 82 %, H ₂ SO ₄ 0 ... 28 %, H ₂ SO ₄ 36 ... 85 %, H ₂ SO ₄ 92 ... 99 %, HCl 0 ... 18 %, HCl 22 ... 44 %	4,00 ... 8,00 см ⁻¹	4 конфигурацияланатын өлшем шегі	0 ... 999 мкСм/см үшін: ӨШС ^d -нан 1,5% 1 ... 500 мСм/см үшін: ӨШС ^d -нан 1% 500,1 ... 2000 мСм/см үшін: ӨШС ^d -нан 1,5%	0,1 %/K

^a Индикация шегі масштабталады. Үтір форматы еркін таңдалады. Автоматты үтір форматын таңдауға болады.

^b Конфигурацияда индикация шегі, өлшем бірлігі, температуралық теңгеру әдісі мен дабыл функциясы ертүрлі болатын 4 түрлі өлшем шегін бейімдеуге болады. Ағымдық өлшем шегін таңдау бинарлы сигнал көмегімен іске асырылады.

^c ТК: Температура коэффициенті

^d ӨШ: өлшем шегі

Температуралық теңгерім

Теңгеру түрі	Теңгеру шегі
ТК ^a сызықтық	-50 ... +250 °C
ТК-қисық	-50 ... +250 °C
TDS	-50 ... +250 °C
DIN EN 27888 сәйкес табиғи су	0 ... 36 °C
Температура шегі үлкен болатын табиғи су ^b	0 ... 100 °C
ASTM D-1125-95 (бейтарап, қышқылдық және сілтілік ластану)	0 ... 100 °C
NaOH 0 ... 12 %	0 ... 90 °C
NaOH 25 ... 50 %	10 ... 90 °C
HNO ₃ 0 ... 25 %	0 ... 80 °C
HNO ₃ 36 ... 82 %	-20 ... +65 °C
H ₂ SO ₄ 0 ... 28 %	-17 ... +104 °C
H ₂ SO ₄ 36 ... 85 %	-17 ... +115 °C
H ₂ SO ₄ 92 ... 99 %	-17 ... +115 °C
HCl 0 ... 18 %	10 ... 65 °C
HCl 22 ... 44 %	-20 ... +65 °C

^a ТК: Температура коэффициенті

^b “Температура шегі үлкен болатын табиғи су” температуралық теңгерімі DIN EN 27888 талаптарында көрсетілген қалыпты шектен асып кетеді.





Өлшем контурының мониторингі Қосымша плата

Кіріс/сенсор	Өлшем шегінен асып кету	Қысқа тұйықталу/сенсордың бұзылуы	Сымның үзілуі	Ластануды анықтау
pH-шамасы (шыны электрод)	ия	импедансты бейімдеп өлшеу ^a	импедансты бейімдеп өлшеу ^a	-
pH-шамасы (ISFET)	ия	жоқ ^b	жоқ ^b	-
Кондуктивті өткізгіштік	ия	жоқ ^b	konfigurierbar	тек 4-тарамды жалғау үшін ғана ^a
Индуктивті өткізгіштік	ия	жоқ ^b	жоқ ^b	-
Ток/кернеу сигналын, кедергілі термометрді жалғауға арналған әмбебап кіріс	ия	жоқ ^b	жоқ ^b	-
Кедергілі потенциометрді/WFG жалғауға арналған әмбебап кіріс	жоқ ^b	жоқ ^b	жоқ ^b	-

- ^a Импеданс монирингісі мен ластануды анықтау барысында қателік орын алған жағдайда сенсордың дабыл сигналы іске қосылады. Қосымша импедансты өлшеу бойынша мониторингі активтендіруге болады. Ол кейбір параметрлерге байланысты болғандықтан, келесі жағдайларды ескеру қажето
- Шыны мембранасы бар электродтардың ғана импедансын өлшеуге болады.
 - Сенсорлар pH/редокс/NH3 үшін аспаптың талдамалы кірісіне жалғануы тиіс.
 - Өлшем контурында импеданс түрлендіргіші болмауы қажет.
 - Сенсор мен түрлендіргіш арасындағы кабельдің максимал ұзындығы 10м.
 - Сұйықтықтардың кедергісі өлшем нәтижесінде ескеріледі. Сондықтан, импедансты өткізгіштігі 100мкСм/см және одан да жоғары болатын сұйықтықтарда өлшеу ұсынылады.
- ^b Ток және кернеу сигналдары кезінде ақауларды анықтау сигнал масштабына байланысты болады. 0 В немесе 0 мА сенсор ағаттығы ретінде саналуы мүмкін.

Аналогты шығыстар Базалық блок және қосымша платалар

Сигнал типі	Сигнал шегі	Рұқсат етілген жүктеме кедергісі	Дәлдік	Қоршаған орта температур. әсері
Кернеу сигналы	0 ... 10 V	> 500 Ω	≤ 0,25 %	≤ 100 ppm / K
Ток сигналы	0/4 ... 20 mA	< 450 Ω	≤ 0,25 %	≤ 100 ppm / K

Бинарлы кірістер Базалық блок

Таңбалануы	Кіріс жиілігінің шегі	Импульстің мин.ұзақ.		Сигнал типі	Ауысу нүктесі ^a	
		Кіріс	Шығыс		Кіріс	Шығыс
IN 1 ^b	≤ 1 Hz	300 ms	300 ms	“Потенциалсыз түйіспе” немесе “сыртқы қоректендіру кернеуі” ретінде бейімделеді (макс. 28V)	> 8 V	< 5 V
IN 2 ... 3 ^{b,c} ауысу сигналы	≤ 1 Hz	30 μs	30 μs		> 1,8 mA	< 1,2 mA
IN 2 ... 3 ^{b,c} шығын	3 ... 300 Hz 300 Hz ... 10 kHz	30 μs	30 μs			

- ^a Бұл мәліметтер “Түйіспе” пунктында сыртқы қорек көзі таңдалса ғана жарамды. Сенсор мен қоректендіру кернеуінің өлшем түрлендіргіші шығысы JUMO AQUIS touch S. Сырттан келген кернеу сигналы максимум 25 В кернеуге ғана ие болу мүмкін.
- ^b Барлық бинарлы кірістерді IN 1 ... 3 түйіспесіз сөрелерде қолдануға болады. Ұсынылатын нұсқалары: Wachendorff P2C2B1208NO3A2 және Balluff BES M12EG-PSC80F-BP03.
- ^c IN 2 жне IN 3 бинарлы кірістерін күнқарағы бар шығын өлшегіш сенсорларда (су есептегіштері) немесе магнитті-индуктивті шығын өлшегіштерде қолдануға болады. Кіріс жиіліктерінің шегі шығын функциясына бейімделген өлшем принципіне байланысты болады.

Бинарлы кірістер Қосымша плата

Қосымша бинарлы кірістердің масимал саны	Импульстердің макс. жиілігі	Импульстің мин.ұзақ.		Сигнал типі
		Кіріс	Шығыс	
Макс. 2 қосымша плата, 1 платаға 3 бинарлы кіріс сәйкес келеді	1 Hz	300 ms	300 ms	Потенциалсыз түйіспе

Бинарлы шығыстар Қоректендіру платасы

Таңбалануы	Ауыстырғыш реле	Омдық жүктеме кезінде рұқсат етілген ток	Түйіспелердің қызмет ету мерзімі ^a
OUT 1	Ауыстырып-қосу релесі	AC 250 V кезінде 3 A	150000 түйісу
OUT 2	Ауыстырып-қосу релесі		
OUT 3	Тұйықтағыш реле		

^a Түйіспелердің макс. ток жүктемесінен артып кетуге болмайды.



Бинарлы шығыс Қосымша платалар

Қосымша плата	Ауыстырғыш шығыс	Макс. ток	Kontaktlebensdauer ^a	Ерекшеліктері
Реле шығысы 2 қалыпты ашылу релесі	2 қалыпты ашылу түйіспесі ^b	3 A ... AC 250 V	150000 түйісу	-
Реле шығысы 1 тұйықтаушы реле	1 тұйықтаушы түйіспе			-
Жартылай өткізгішті реле Triac	Triac-пен ауыстырғыш шығыс (варистормен қорғалған) ^c	1 A ... AC 230 V	қажалмайды	-
Жартылай өткізгішті реле PhotoMOS®	PhotoMOS® -пен ауыстырғыш шығыс	200 mA ... DC 50 V немесе AC 35V	қажалмайды	Қысқа тұйықталудан қорғанымы жоқ, макс. кернеу DC 50 V AC 35 V
Логикалық шығыс 0/12 V	Жоғары/төмен сигнал	20 mA ^d	қажалмайды	-
Логикалық шығыс 0/12 V	Жоғары/төмен сигнал	30 mA ^d	қажалмайды	-

^a Түйіспелердің максимал ток жүктемесінен артып кетуге болмайды.
^b E2 қалыпты ашылу реле опциясын пайдалану кезінде желілік кернеу мен қауіпсіз өте төмен кернеу контурының құрамдасуы мүмкін емес.
^c Варистор Triac ауысу процесі кезінде туындайтын өте жоғары кернеулерден қорғайды.
^d Токты аспаптың логикалық шығысымен шектеу.

Қоректендіру кернеуінің шығыстары Базалық блок

Атауы	Шығыс кернеулері	Ток жүктемесі	Жалғау
DC 12 V/24 V қоректендіру кернеуі ^a (мысалы, сыртқы түрлендіргіш үшін)	DC 12 V +15 / -25 %	25 mA	Серіппелі клеммалар
	DC 24 V +17 / -5 %	42 mA	
DC ±5 V қоректендіру кернеуі (мысалы, ISFET рН-электроды үшін)	DC +5 V +10 / -4 %	200 mA	
	DC -5 V ±15 %	40 mA	

^a Тапсырыс кодына байланысты.

Қоректендіру кернеуінің шығыстары Желілік плата

Атауы	Шығыс кернеулері	Ток жүктемесі ^a	Жалғау
PWR OUT	AC 110 ... 240 V +10 / -15 %; 48 ... 63 Hz немесе AC/DC 20 ... 30 V; 48 ... 63 Hz	4 A	Серіппелі клеммалар

^a Екі жалғаудың да PWR OUT шығыс тогының суммасы рұқсат етілген жалпы ток жүктемесінен артық болмауы тиіс.

Қоректендіру кернеуінің шығыстары Қосымша плата

Атауы	Шығыс кернеулер	Ток жүктемесі	Жалғау
DC 24 V сыртқы түрлендіргішке арналған қоректендіру кернеуі ^a	DC 24 V +17 / -5 %	42 mA	Серіппелі клеммалар
DC ±5 V қоректендіру кернеуі (мысалы, ISFET рН-электроды үшін)	DC +5V+10 /-4% (3 және 4 клеммалар арасында)	150 mA	
	DC -5 V ±15 % (4 және 5 клеммалар арасында)	30 mA	

^a Қоректендіру кернеуінің қосымша платасында берілген кестеде көрсетілген барлық шығыстар орналасқан. Аспапты осындай бір ғана платамен жабдықтауға болады.

Интерфейстер

RS485 тізбекті интерфейс (базалық блок және қосымша плата)

Протокол	Мәліметтер форматы ^a	Аспап адресі	Тарату жылд., бод	Жалғау
Modbus (Slave) Modbus цифрлі датчиктері	8 - 1 - жұптық жоқ 8 - 1 - жұптық теріс 8 - 1 - жұптық оң	1 ... 254	9600 19200 38400	Базалық: серіппелі клеммалар Опция: винттік қысқыштар


^a Мәліметтер биті – стоп-биттер – жұптық форматындағы кіріс. Фрейм арқашан 8 мәліметтер битінен және 1 стоп-биттен тұрады. Тек жұптығы өзгеше болады.

Цифрлі датчиктерге арналған іріктеме жасау

Беру жылдамдығы > 9600 бод болған кезде (UMO digiLine-электроника датчиктері үшін ғана)	500 ms
Беру жылд. = 9600 бод және шинадағы цифрлі датчик 2 ден артық ^a	1 s


^a JUMO ecoLine O-DO типті датчиктері үшін дискретизация жиілігі орнатылуы мүмкін (1 ... 999 s).

PROFIBUS-DP (қосымша плата)

Протокол	Мәліметтер форматы ^a	Аспап адресі	Тарату жылд., бод	Жалғау
DP-V0	Big Endian Little Endian	0 ... 127	9,6 кбод... 12 Мбод	D-Sub сәресі 9-полюсті 

^a Big Endian Motorola® және Little Endian, Intel® мәліметтер форматына сәйкес келеді.

Ethernet Қосымша плата (10/100Base-T)

Функция	Пайдалану	Пайдалану проколы/ программа	Ерекшеліктері	Жалғау
Web-сервер	Веб-браузер арқылы онлайн бейнелеу	HTTP	HTML-редакторында редактрленеді	RJ-45 сәресі 
E-Mail/SMS ^a	SMTP-сервер көмегімен E-Mail-арқылы тарату, SMS хабарлама түрінде жіберу	SMTP	5 E-Mail үлгісі, әрбір E-Mail үлгісі макс.3 тұтынушыға арналған	
